

Ақчурин Әнуар Ғафурұлы



Техника ғылымдарының докторы, профессор. Институтта 15 жыл аралығында инженерден зертхана меңгерушісіне дейінгі лауазымдарда жұмыс істеді. Жұмыстарының бағыты - ауыл шаруашылық өндірісін инженерлік-техникалық қамтамасыз етудің теориялық негіздерін жасау, шаруашылықтардың инженерлік-техникалық қызметін басқарудың мүмкін әдістері мен құралдарын іздестіру . 350-ден астам ғылыми мақаланың және 32 өнертабыс авторлық куәлігіне ие, 3 ғылым докторы мен 19 ғылым кандидатын дайындады.